



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

выбор во многих жизненных ситуациях. Нельзя решать взрослые проблемы перед ребенком, ведь так он начнет считать, что ссоры – способ решения проблем.

Надо хвалить детей, гордиться даже за мелкие успехи, не ругать за мелкие промахи и ошибки. Подростку надо помочь найти хобби, интересоваться его достижениями в выбранной им области. Дать подростку возможность учиться на своих ошибках, помогать извлекать опыт даже из неприятных ситуаций. Построить как можно более дружеские отношения, разговаривать с ребенком на равных, не позиционируя себя выше, чем он. Приобщать ребенка к работе по дому, поручать хотя бы мелкие бытовые вопросы, чтобы он осознавал, какую пользу приносит семье, благодарит за выполненные дела.

Список использованных источников

1. Ю.Б.Гипперейтер «Продолжаем общаться с ребёнком КАК?». М «Астрель». 2008.
2. Нишанова З.Т., Асқарова Н.А., Расулова Ф.Ф., Г.А.Тарсинова. Агрессив хулқ-атворли болалар диагностикаси ва психокоррекцияси. Тошкент, 2011. 33-34 бет.

УДК 316

ШЕТЕЛГЕ КЕТКЕН ҚАЗАҚ ЖЕТІМ БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жұмасат Тұрсынбек Бисенбекұлы

«Әлеуметтік жұмыс» мамандығының 2-курс студенті,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана. Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Капин Б.

Адам баласының ең басты қазынасы - ол оның артында қалатын ұрпағы. Бірақ, қазіргі қоғамда кейбір адамдар артына ұрпақ қалдырудан көрі, маңсап қуып, ақша табуды маңызды санайды. Осы ақша жолында қаншама отбасы шайқалып, қаншама әйел жесір қалып, қарақөздеріміз «жетімдер үйінде» тентіреп қаңғырып жүр. Жетімдер үйі былай тұрсын шекара асып, теңіз асып, мұхит асып кетіп жатқан қандас бауырларымыздың жағдайы ешкімді алаңдатпайды. Осы мәселе бойында намысы бар қазақтың әр ұл-қызын толғандыру керек. Бұл жеке бас мәселесі емес, ұлт мәселесі.

Жетімдік қазіргі қоғамда ғана пайда болған жоқ, оның қалыптасуы ерте кезден бастау алады. Бұрынғы заманда екі елдің арасындағы соғыстың әсерінен жетімдікке ұшыраса, қазір күйеуі мен әйелінің соғысының нәтижесінен жетімдер көбейіп отыр.

Жетім — ата-анасының екеуі де немесе жалғыз басты ата-анасы қайтыс болған бала болып табылады. Сондай-ақ, ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айырылуына, ата-анасы хабар-ошарсыз кетті деп танылуына, олар өлді деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп танылуына, ата-анасының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, ата-анасының баласын тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде ата-анасының өз баласын тәрбиелеу немесе емдеу мекемелерінен алудан бас тартуына байланысты, ата-анасы қамқорлық жасамаған өзге де жағдайларда жалғызбасты ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған бала[1].

Жетім балалардың отбасында тәрбиеленген балалардан айырмашылығы олардың әлеуметтік-психологиялық ерекшелігінде. Осы мәселе бойынша көптеген шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулерінен көре аламыз. Әрине, отбасындағы тәрбиеленген балалардан жетімдер үйінде тәрбиеленген баладан әлеуметтік-психологиялық жағынан айырмашылығы болатыны сөзсіз. Сол себептен де, өзгелер балаларды қамқорлыққа алып, қамқоршылық-қорғаншылық қызметін жасап жатса неге қуанбасқа. Бірақ, әр ұлттың өзіне тән ерекшелігі болатындығын ескеру қажет. Сондықтан, қарақөздерімізді өз ұлтымыздың азаматтары қамқорлыққа көбірек алатын болса, бұл үлкен жетістік.

Жетім балалар үйінде тәрбиеленушілердің ерекшеліктерін және олардың педагогикалық-психологиялық даму өзгешеліктерін Е.М. Рыбиновский Д. Янхольц, И.В. Дубровина, А.Г. Рузская, Дж. Боулби, И.М. Бгажнова, С.А. Беличева, Ю.В. Василькова және т.б. ғалымдар қарастырды[2].

Е.М. Рыбинский пікірі бойынша, жетімдік – «көптеген адамдардың ата-аналық парызды орындауға қатыспауы немесе ата-аналық борыштан айрылуы (ата-аналық әрекеттің бұрмалануы)» .

Л.М. Шипицына зерттеу нәтижесінде тастандылықтың төмендегідей себептерін айқындап көрсетеді:

- басым себеп ата-ананың нашақорлық пен ішімдікке салынуы болып табылады. Бұдан отбасында балаға өте қатал қарау, оның талабы мен мүддесін ескермеу жағдайы туындайды;

- көбінесе жасанды себептерден туындай- тын халықтың кездейсоқ апаттарға ұшырауынан жетімдер санының өсуі;

- психикалық ауру зардабынан, тұрмысқа қабілетсіз ата-аналардың көбеюі; – некесіз туылған балалар санының артуы;

- адамгершілік тіректің әлсіздігі; атааналардың жұмыссыздығы, олардың өзара қарым-қатынасының бұзылуы, ата-ананың материалдық-тұрмыстық қиыншылықта болуы, отбасы шырқының бұзылуы, әлеуметтік тоқырау[3].

Қазіргі таңда шамамен Қазақстанда 5 317 670 бала бар болса. Олардың ішінде ата – ананың қарауынсыз жетім балалар саны 31 576 бала болып отыр. Бұл дегеніміз өте үлкен цифр. Осылай жетім санының артуы жеңіл жүрісті қыздар мен маскүнем жігіттердің көбеюіне алып келеді.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы статистикасына сенсек үйленген 100 отбасының 35-і ажырасқан. 2007 жылы 146 379 неке қиылып, олардың 36 107-сі ажырасқан болса, 2016 жылы 148 769 неке қиылып, олардың 53 293-і ажырасқан{4}. Соңғы мәліметтерге негізделсек Қазақстан ажырасу бойынша Әлемде үздік 10 мемлекеттің қатарына кіреді. Осындай ажырасулардың көбеюі болып жатқанда, жетімдер саны қайдан азайсын. Тіпті жетімдер елімізге сыймағандықтан ба шетелге затша сатып жатыр. Бұған, ешқандай шек жоқ.

1999 жылдан бері шетелдік азаматтар шамамен 8169 қазақстандық баланы асырап алған. Яғни, осы уақытқа дейін еліміздегі асырап алынған балалардың жалпы санының 21,7 пайызы. Соңғы он бес жылдың ішінде жетімдеріміз әлемнің 30 еліне таратылып үлгерген. Шетел асқан балаларымыздың көбісі 1-3 жас аралығында балалар. Біздің жетімдерімізді асырап алудан бірінші орында АҚШ (6406 бала), екінші орында Испания (600 бала), үшінші орында Бельгия (343 бала) тұр. Одан әріде немістер (173 бала), канадалықтар (167 бала), ирландықтар (140 бала), француздар (131 бала) жетімдерімізді асырап алған. Шетел асқан 8169 тұл жетімдердің 3752-сі – қазақтар (45,9 пайыз), 4057-сі — орыстар (49,7 пайыз) және 360-ы басқа ұлттар (4,4 пайыз) екен. Онда да басқа ұлттардың арасында өзбек, тәжік, түрікмен, қырғыз ұлтының бірде-бір баласы жоқ[5].

Шетелдіктер біздің балаларды не үшін сатып алады, оларға сәбилердің («тірі тауардың») қаншалықты пайдасы бар, соны барынша жіліктеп көрелік:

- біріншіден, батыс елдерінде баланы асырап алушының ата-анасы қаңғыбас, мейлі ішімдікке салынған маскүнем болса да, кез келген уақытта тастанды баланы асырап алуға құқығы бар.

- екіншіден, баланы асырап алушыға салық мемлекет тарапынан барынша жеңілдетілген.

- үшіншіден, («трансплантация» — латын тілінен аударғанда бір адамның ағзаларын басқа бір адамға келісімі арқылы ауыстыру) трансплантация саласымен айналысатындардың дені қандықол қылмыскерлер екендігі белгілі.

Оған жарқын мысал ретінде Бразилиядағы ұйымдасқан қылмыстық

топтардың әрекетін айтуға болады. Олар тұрмыс тапшылығынан қиындық көрген кедей-кепшіктердің бір бүйрегін 10 мың долларға сатып алып, оны Оңтүстік Африка елдеріндегі сырқат байларға 120 мың долларға сатып отырған. Қазақстан шетелге жетім бала сатудан Азияда алдына қара салмай келеді.

Жыл сайын мың сан баланы көздерін жәутендетіп шекара асырады. Жасына сәйкес әр сәбиге тұрақты баға да қойылған. Мысалы, 6 айлық шақалақ 12 500 доллар болса, 6 жастан асқандары арзандап, 5000 долларға ғана сатылады екен. Осындай «арзан жетімдер» біздің елде ғана бар. Бала сату әлемнің көптеген елдерінде болғанымен, олар біз сияқты жетімін кім көрінгенге жетектетіп жібермейді. Мәселен, Германия мен Англияда баланы жалғыз басты адамдарға бермейтін қатаң заң бар. Латвия мен Литваның балаларын тек сол мемлекеттен қоныс аударған шетелдіктер ғана асырап ала алады. Израиль мен Армения да баланы тек өз ұлтының өкілдеріне ғана береді. Мұнай сатудан әлем бойынша төртінші орында болсақ, бала сатудан 1,5 миллиард халқы бар Қытайдың өзін шаң қаптырып, әлем бойынша үшінші орындамыз. Елімізде бүгінде шетелдіктерге бала берумен айналысатын 40-тан астам агенттік бар. Сол агенттіктердің бір баланы шетелдіктердің иелігіне заңдастырып беруден табатын табысы 35-40 мың долларды құрайды.

Осындай бағаға кетіп жатқан бауырларымыздың қандай жағдайға ұшырап жатқандығын қарастыралық.

Мысалы, Қазақстаннан 2004 жылы бала асырап алған АҚШ-тағы бір отбасының азғын әрекетін атап кетсек болады. Америкалық өгей ата-ана Джозеф пен Линда Мэйоттар Солтүстік Қазақстан облысынан (Петропавл қаласындағы балалар үйінде тәрбиеленуші 8, 11 жасар ағалы-қарындастарды) асырап алуға әкетіп, оларды ұзақ уақыт бойы сексуалдық қорлықта ұстаған. Осыншама жылдар ішінде педофиль Мэйоттар отбасының айуандық азғындауына ұшыраған екі жасөспірімнің тағдыры ешкімді қызық-тырмапты. Не Қазақстанның АҚШ-тағы елшілігінің консулдық қызметін де, не Білім және ғылым министрлігін де. Ешкімнен қайран болмаған соң, Петропавл қаласындағы балалар үйінің бұрынғы тәрбиеленушілері 2009 жылы АҚШ полициясына өздерін асырап алған ата-аналары зорлағанын айтып, шағымданғанымен, ол кезде ерлі-зайыптылардың кінәлары дәлелденбеген. Арада 4 жыл өткеннен кейін ғана Мэйоттардың қылмыстық әрекеті әшкереленді. Бүкіл әлем көз тіккен сот процесі аяқталып, 50 жастағы Джозеф Мэйоттың асыранды қызын 8 жасынан бастап зорлағаны 11 эпизод бойынша дәлелденіп, оған 20 жылға бас бостандығынан айыру туралы үкім шықты. Ал оның әйелі Линда 13 жастағы жасөспірімді зорлады деген айыппен 22 жылға темір торға тоғытылды. Он бір жасар асыранды баласын зорлап жыныстық қатынасқа тартқан Линда кейіннен өгей ұлынан бала көтергені де соттың зерттеу қорытындылары бойынша анықталған көрінеді. Бұл жантүршігерлік оқиға шетелдіктерге бала беру мәселесінің күңгірттігін дәлелдеп бергендей болды. Бірақ, солай болды екен деп, оған алаңдаушылық танытып, басы ауырып отырған үкімет жоқ!

Осыдан біраз бұрын АҚШ-тың Техас штатындағы «Стар Телеграмм» газетінде америкалық отбасы асырап алған қазақстандық жеткіншек туралы жарық көрген мақала жаға ұстатқан еді. Мақала авторы ата-ананың ыстық алақаны мен мейірімін америкалық отбасынан іздеген Максат атты қаракөзіміздің өзіне қол жұмсағанын өкінішпен жазған болатын. Шетелдік газет осы астарлы өлім жөнінде «бала ішқұсадан қайтыс болған» делінген қорытынды тұжырым жасаған.

3. Сондай-ақ, ілгеріректе Америкада жол көлік апатынан қаза тапқан 5 жасар Әлия мен 4 жасар Джейсонға (Жәнібекке) американдық ата-ана емес, қазақы тәрбие ғана керек болған шығар. Бірақ Әлия мен Жәнібек Қазақстанда туылған соң, Алла тағала оларға әу баста мұсылман болуды жазды ғой. Бірақ біз олардың да тағдырларын тәлкекке салып, дінінен айырдық. Қаншалықты Алланың қалауы болар десек те, бұл екі сәбидің өліміне де еш себебіміз жоқ деп айта алмаспыз.

Американдықтар Қазақстаннан асырап алған балаларын интернет-биржада сатып жатыр. АҚШ-та отбасыдан отбасыға ғаламтор арқылы берілетін «шетелдік асыранды

балалар биржасы» (Қазақстаннан бар) жұмыс істейді деп хабарлады «Российская газета» порталы. «Reuters агенттігінің тілшілері 18 ай бойы Yahoo Groups пен Facebook әлеуметтік желілерінің американдық секторында және өздеріне ұнамай қалған асыранды балаларынан құтылуға ниетті асыраушы ата-аналардың бірнеше онлайн-топшаларында жеке журналистік зерттеулерін жүргізген», — делінген rg.ru сайтында жарияланған мақалада. Аталғандай, жалпының кіруге рұқсаты жоқ жабық форумдарда келесідей мазмұндағы хабарландырулар ілінген екен: «Біз Ресейден (нұсқалар – Қытай, Қазақстан, Камбоджадан...) қыз асырап алдық, алайда, өкінішке қарай, оның бойынан неврологиялық мәселелерді (құштарлық жоқтығы, агрессиялық мінез-құлыққа бейімшілдік синдромын) анықтадық, өтініш, оны орналастыруға көмектесеңіздерші...» Мақалаға сәйкес, Yahoo-дағы бір ғана топшаның осындай мазмұндағы 5029 хабарын тексеріп және талдап шыққан журналистер мынадай қорытындыға келген: — Өңгіме тек асыранды балалардың басқа отбасыға берілуінде ғана емес (заңсыз болса да), керісінше асырап алушылардың «ығырын шығарған» немесе «артық» балаларын тікелей сатуға кірісуінде болып отыр делінген. «Зерттеу қорытындысы осындай сауда-саттықтың жиі құрбандарына айналған балалардың Ресей, Украина, Қазақстан, Африка елдері мен Қытайдан екенін анықтаған[6].

Міне, қазіргі жағдайымыз осылай болып отыр. Менің бір қуанарым осы балаларға жаны ашып жүрген адамдар бар екенінде, мысалға алатын болсам Жанар Байсемізова. Бұл кісі Қазақстан ұлтық арнасында «Шетелдегі қазақ балалары» бағдарламасын жүргізушісі. Ол кісі көптеген елге барып қазақ балаларының жағдайын біліп, осы бағдарламасымен қазақ жұртын хабардар етіп отырады. Бағдарламаны көріп, қызығып ол кісінің журналисттерге интервью бергенін қарадым. Интервью барысында бұл кісінің айтқан мына сөзі алаңдатты «барарымыздың алдында Қазақстандық жетімдерді асырап алғандарға алдымен хабарласып аламыз. Бірақта көпшілігі бас тартады немесе қандай сұрақтар қоятынын сұрап алып содан кейін келісім береді» дегені. Бұл жерден біз нені көреміз? Біз теледидардан көргеніміздей оларға жағдай жасалмайтындығын. Егерде жасалатын болса не себепті олар бастартады?! деген сұрақ туындайды.

Мақала барысында шет елдегі балалардың жағдайын қарастырған болатынмын. Қарастыру барысында балалардың өз-өздеріне қол жұмсағандығын көрдік. Бұндай әрекетке олар көрген зәбірлері мен еліне деген сағынышынан ішқұса болып жасаған деп білемін. Сондықтан мұндай әрекетке балаларымыз бармау үшін ұл-қыздарымызға дұрыс тәрбие бере білу керек деп білемін!!!

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстанда жетім балалармен әлеуметтік жұмыс жүргізу мәселесінің құқықтық негіздері. – Алматы: Ұлт тағлымы, 2005. – № 4. – Б.314-318.
3. www.stud.kz
4. bulletin-psysoc.kaznu.kz
5. <http://www.zakon.kz/4774401-v-kazakhstane-sedmojj-god-podrrjad.html>
6. <http://www.kazakhstanzaman.kz/>
7. <http://www.kazakhstanzaman.kz/5726/zherde-zhetim-zhy-lasa-k-kte-perishte-aj>

УДК 316.4

ТРУДОВЫЕ УСТАНОВКИ МОЛОДЕЖИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Жакупова А.

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г.Астана
Научный руководитель – Ашимханова Д.Э.

Одним из стратегических приоритетов государственной политики Республики Казахстан является поддержка и развитие конкурентоспособности молодежи.